

Новости

Назначен новый аким района

В минувшую субботу аким Западно-Казахстанской области Алтай Кульгинов провел собрание актива района, на котором сообщил о кадровых изменениях. По согласованию с Администрацией Президента РК и с согласия депутатов районного маслихата, распоряжением главы региона на должность акима Теректинского района назначен Мукаев Мурат Рахметович. Прежний глава района Женис Серикалиев уволился по собственному желанию.



Мурат Рахметович Мукаев родился в 1969 году. Имеет два высших образования. Окончил Западно-Казахстанский сельскохозяйственный институт, Каспийский общественный Университет.

Трудовую деятельность начал в 1992 году инспектором по учету налоговой инспекции Фурмановского района. 1994–1996 годы - ведущий, старший специалист Уральского филиала «Игил-банк». 1996–1997 годы - бухгалтер, менеджер областного филиала Народного Сберегательного Банка Казахстана. 1997–1998 годы - инспектор таможенного поста «Сайхин» таможенного управления по Западно-Казахстанской области. 1999–2004 годы - инспектор, главный инспектор, старший инспектор, начальник отдела, заместитель начальников управления, департамента таможенного контроля по Западно-Казахстанской области.

2004–2007 годы - исполняющий обязанности начальника, начальник таможенного поста «Орал-центр таможенного оформления» департамента таможенного контроля по Западно-Казахстанской области. 2007–2009 годы - исполняющий обязанности начальника таможенного поста «Оскемен-центр таможенного оформления» департамента таможенного контроля по Восточно-Казахстанской области. 2009–2011 годы - начальник таможенного поста «Таскала» департамента таможенного контроля по Западно-Казахстанской области. 2011–2013 годы - руководитель отдела предпринимательства г.Уральска. С 28 июня 2013 года - аким Жанибекского района.

Аким области Алтай Кульгинов, выступая на активе района, поставил перед новым руководителем района несколько приоритетных задач, обозначенных Гла-

вой государства. Это выполнение Плана нации «100 конкретных шагов», «Нурлы жол», трудоустройство населения, развитие малого и среднего бизнеса, обеспечение государственных программ «Агробизнес – 2020», «Дорожная карта бизнеса – 2020» и достижение целей, вытекающих из этих программ.

В свою очередь новый глава района М.Мукаев поблагодарил за оказанное доверие и выразил уверенность, что приложит все усилия для выполнения поставленных перед ним задач.

Выступившие на заседании актива ветераны труда, Почетные граждане района Мусагали Тулеганов, Алесандр Попов, Салим Кукашев поздравили нового акима района с назначением и выразили добрые пожелания.

Нурзия СИСЕНБАЕВА

Бізбен бірге болыңыз!

Аңқаты ауылдық округінің тұрғыны, аудандық мәслихат депутаты Аманғали Бөкенбаев осы жартыжылдықта газетімізге оқырмандарды жазуға үлкен септігін тигізді. Олай дейтініміз, «Бақыт» шаруа қожалығын басқарып отырған Аманғали Бақытұлы өзінің қарамағындағы 15 қызметкерді «Теректі жаңалығы – Теректинская новь» газетіне жаздыртып, шыққан қаржыны өз есебінен төледі. Жыл сайын біздің газетке жазылып, жаңалықтарымыздан құлағдар болып отырады екен.

Өңірімізде талай жыл еңбек етіп, ел ағасы атанып жүрген Аманғали Бөкенбаевқа алғыс айтамыз. Осындай игі істер әлі де жалғасын тапса, нұр үстіне нұр болар еді.



Әп, бәрекелді!

Бас жүлде Теректіге үйір

Мамыр айының соңында Атырау қаласында II халықаралық «Жадыра, жас дарын» атты фестиваль өткен болатын.



Аталмыш байқауға ауданымыздың атынан жас өнерпаздар қатысып, жеңіспен оралды. Сайысты ұйымдастырушылар - Атырау облыстық білім беру басқармасы және «Жадыра, жас дарын» қоғамдық қоры. Құрамында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, халықаралық ұстаздар одағының мүшесі М.Гайсина, «Жадыра, жас дарын» қоғамдық қорының директоры С.Қабиева бар қазылар алқасы республикамыздың түкпір-түкпірінен келген дарындарға әділ бағаларын берді.

Нәтижесінде, дәстүрлі ән бағамының кіші тобында аудандық №2 саз мектебінің оқушысы Шапағат Амангелді қазылар мен көрермен қауымын ерекше өнерімен тәнті етіп, байқаудың Бас жүлде иегері атанды. Шапағаттың өзін сахнада еркін ұстауы, бойындағы сенімділік пен жеңіске деген құлшынысы атыраулықтардың сүйіспеншілігін тудырды. Сонымен бірге, дәстүрлі ән бағамының орта тобында аталмыш мектептің оқушысы Темірлан Өкімжанов жүлделі III орынды жеңіп алды. Қос жеңімпаздың ұстазы Дәурен Жұмағалиевтің айтуынша, Шапағат пен Темірлан білікті мамандардан «өте жақсы» деген баға алған көрінеді.

Мәдениет пен өнер саласында ауданымыз алдыңғы қатардан көрініп, биік мінберлерден орын алуды дағдыға айналдырып келеді. Теректіге үйір Бас жүлденің соңы осы болмасын дейміз.

Әділет ОРЫНБАСАРОВ



Демократиялық дамудың темір қазығы – заң. Халқы заңдарын құрметтеп, қоғам соның аясында дамыса, елде тәртіп те, тыныштық та, береке-бірлік те болады. Ұлт жоспары қабылданғаннан бері, оның заң үстемдігіне негізделген екінші басым бағытының сот жүйесін реформалауға бағытталған қадамдарына аз ғана уақыт ішінде қол жеткізуге мүмкіндік жасалды. Сот жүйесін реформалауға тікелей қатысты 11 мақсатты қадамды жүзеге асырудың құқықтық базасы жасақталды.

Сөйтіп, Ұлт Жоспары аясында көптеген жаңа заңдар қабылданды. Атап айтқанда, жаңа Азаматтық іс жүргізу Кодексі, «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» заңы қабылданып, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға, Қылмыстық іс жүргізу және Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстеріне өзгерістер мен

ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Өркениетті даму жолына мақсатты бағдарламалары арқылы батыл қадам басқан еліміз Ұлт көшбасшысы - Елбасы Н.Назарбаев ұсынған «Мәңгілік ел» идеясымен нұрланып, дархан даламызда әлемдегі ең дамыған 30 елдің санатындағы сәулетті қоғам орнатуды мұрат тұтып отыр. Президент ұсынған Ұлт Жоспары қазіргі қазақстандық қоғамның нақты жағдайына қарай мемлекеттік саясат пен мақсатты бағдарламаларының өзара үйлесімділігін 100 нақты қадам арқылы айқындап берді.

толықтырулар енгізілді.

Қолданысқа енгізілген жаңа заңнамаларда бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот жүйесіне көшу, азаматтық-құқықтық даулар бойынша сотқа прокурордың қатысуын қысқарту, барлық сот процестеріне дыбыс, бейнежазбаны тіркеуді енгізу, инвестициялық дауларды жаңа тәртіпте қарау туралы нормалар бар.

Биылғы елеулі жаңалық - Ұлт жоспарының 16-қадамында белгіленген сот саласын оңтайландыруға қатысты тапсырмасының орындалуы болып отыр. Азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот сатылары қысқартылып, бұрынғы бес сатылы сот жүйесінен үш сатылы сот жүйесін енгізуге заңдық қадам жасалды. Осы өзгерістерге сәйкес, бірінші саты – аудандық және

оған теңестірілген соттар, екінші апелляциялық саты – облыстық және оған теңестірілген соттар, үшінші кассациялық саты – Жоғарғы Сот болып бекітіліп отыр.

Ұлт жоспары аясында заңға енгізілген өзгерістерге байланысты ендігі жерде судьялыққа кандидаттар негізгі жұмыс орындарынан қол үзе отырып, соттарда бір жылдық ақылы жұмыс тағылымдасынан өтеді. Облыстық және Жоғарғы Сот судьясы лауазымдарынан үміткерлерге одан жоғары тұрған соттар судьялары жеке кепілдеме беріп, сенім мен жауапкершілік жүгін өз міндеттеріне алады.

Ибрагим НИЯЗҒАЛИЕВ,
аудандық №2 сотының
төрағасы

Басқосу

Аудан әкімінің орынбасары Алтай Тоқжанов, Федоров селолық округінің әкімі Максим Энгелов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәлім Қоқашев және мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Қанат Өтеғалиев өкілдерді арнайы жолдан күтіп алып, домбырамен ән шырқап, ақ ұсынып қарсы алды. Қонақтар, алдымен, әкімшіліктің кіші залында аудан әкімінің орынбасары Серік Нұрмағанбетовтың қабылдауында болды. Кейін өңіріміздің дене шынықтыру және спорт кешенін, №2 саз мектебін, Мәдениет үйін, Ардагерлер үйін аралады. Әсіресе, Мәдениет үйінің би залы мен мұражайына жоғары баға берді. Одан соң, Достық үйі алаңында орналасқан Тәуелсіздікке арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Этно-мәдени орталықтарға шолу жасап, балалар шығармашылық үйінің көрмесімен танысты. Экскурсия аяқталысымен, семинар басталды.

Жиынды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мырзағали Мұхамбетов жүргізіп, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған іс-шараларды өткізудегі ардагерлер ұйымдарының жұмыстары мен жоспарларына тоқталды. Ал, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәлім Асанұлы:

- Біз мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс уақытынан артық отырмасақ, кем отырмаймыз. Өздеріңіз көргендей, жаңа ғимаратқа қоныс аудардық. Бұл аудан басшылығының осы ұйымға, әсіресе 4500 зейнеткер ардагерлерге, соның ішінде 5 ҰОС, 2 концлагерьде тұтқында болған ардагерлерге деген құрметі деп білемін. Сонымен қатар 15 селолық округімізде 54 бастауыш ұйым бар. Солардың

АРДАГЕРЛЕР ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Өткен жұмада ауданымызға облысымыздың орталығы - Орал қаласынан, сондай-ақ, Тасқала, Ақжайық, Зеленов аудандарынан ардагерлер ұйымының төрағалары бастаған делегаттық топ келіп, семинар өткізді.



барлығымен үнемі тығыз байланыстамыз. Жастарға тәрбие беру бағытында қариялармен жиі кездесіп, шаралар өткіземіз. Алдағы уақытта да осындай жұмыстарымыз жалғасын табатын болады. Бүгін тәжірибе алмасуға алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахмет, - деп өз сөзін аяқтады.

Дөңгелек үстел барысында Ақжайық ауданының ардагерлер ұйымының төрайымы Альмира Мұшағалиева ардагерлермен мәдени-демалыс жұмыстарын қалай ұйымдастыратынын бейнеролик арқылы көрсетті. Зеленов ауданының орталықтандырылған кітапхана директоры Ақзира Бекмахамбетова мәдениет және спорт бөлімінің ардагерлермен атқарған шығармашылық жұмыстары жөнінде баяндады. Ал, Тасқала ауданы мәдениет және спорт бөлімінің меңгерушісі Мэлс Нариков, аудан әкімінің орынбасары Люция Жұбанышқалиева аталмыш

кеңестің қоғамдық ұйымдар және үкіметтік емес мекемелермен бірлесіп тәрбиелік мәні бар мәдени шараларды жиі өткізетінін айтты. Орал қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебай Нығметұжымымен бірге Тәуелсіздіктің 25 жылдығы шеңберінде бірнеше жұмыстардың басын қайырғанын айтса, облыстық ардагерлер кеңесінің мәдениет және спорт тұрақты комиссиясының төрайымы Г.Қадешева облыс көлемінде өтетін фестивальдің ережесімен таныстырды. Қатысушылардың барлығы алма-кезек сөз алып, жұмыстарына қысқаша тоқталып өтті.

Семинар соңында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мырзағали Мұхамбетов белсенді қызметкерлерді Алғыс хаттармен марапаттады. Шара соңы концерттік бағдарламамен жалғасты.

Күлімхан ТАСЕНОВА

Қайырымдылық

Таяуда Долин ауылдық округіндегі Чапаев жалпы орта білім беретін мектебінде аталмыш оқу ордасының түлегі, облысымызға танымал тұлға, меценат Сағидолла Еркебаевпен кездесу кеші өтті.

ЖОМАРТ ЖАН ЖАРАДЫ



Сағидолла Батайұлы түлеп ұшқан жерін, аяулы мектебін ешқашан ұмытқан емес. Оған дәлел - жыл сайын алтын ұясына әкесінің атынан де-меушілік жасап, ұстаздар мен шәкірттердің жетістіктері үшін шәкіртақы тағайындауы, мектептегі сыныптардың материалдық-техникалық базасының жаңартылуына жәрдемдесуі. Газетіміздің өткен нөмірінде былтыр аталмыш мектепке су жаңа «Газель» автокөлігін сыйға тартқанын айтып едік. Биыл да жаны жайсаң, жомарт жан сол дәстүрден жаңылмады.

Кездесу кешін жүргізген Чапаев ЖОББМ-нің мұғалімі Алмас Қожанов бұл шараны оқушылар мен ұстаздар қауымының асыға күткенін атап өтті.

Кештің сыйлы қонақтары қатарында аудан әкімі М.Мұқаев, «Назарбаев зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымының педагогикалық шеберлік орталығының директоры Е.Қасымбеков, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры А.Иманғалиев, мектеп түлегі, Теректі ауданының «Құрметті азаматы» А.Савран, БҚО білім беру басқарма басшысының орынбасары З.Ғұмарова, аудан әкімінің орынбасарлары мен мектеп директорлары болды.

Шара барысында мектептің ұстаздары мен оқушылары сөз алып, Сағидолла Батайұлының оқу ордасына жасаған қамқорлығына алғыс білдірді. Сонымен қатар кеш кейіпкеріне мектеп түлегі, қазіргі таңда Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті С.Есболтақызы видео сәлемдемесін жолдады. Расымен, Сағидолла Батайұлының тағайындаған шәкіртақысы көптеген жасқа жігер беріп, сапалы білімге қарай жетелегені шындық. Сол шәкіртақы иегерлері қазір қолы ашық, жүрегі кең мектеп түлегіне алғыс білдіруден шаршаған емес.

- Қарапайым ауыл баласы ретінде менде білімге ұмтылдым. Осы ауылдың топырағына аунап, ауасын жұтып, болашаққа бет түзедім. Осы мектептен үлкен өмірге қанат қаққан жайым бар. Қаншама оқу орнын тәмамдап, қаншама басшылық қызметтерде болсам да, туып-өскен жерімді ұмытқан жоқпын. Менің әкем еңбекпен жетілген жан еді. Сол

кісінің атын өлтірмейін, зейнетке шықсам да, қоғамға, соның ішінде туған ауылыма бір пайдам тисін деп, осы шәкіртақыны тағайындауды шештім. Жыл сайын алтын ұя мектебіме бас сұғып, ұстаздар және оқушылар қауымымен жүздесемін. Сол шәкіртақы көптеген жастар мен ұстаздарды биікке ұмтылдырса, нұр үстіне нұр. Арманым мен мақсатымның орындалғаны деп кесіп айта аламын, - деді сыр-сұқбат кезінде С.Еркебаев.

Шараның басты қонағы сөз барысында биылғы шәкіртақының екі есеге өскендігін тілге тиек етіп, әдетінен танбай жыл бойына үздік көрінген мұғалімдер мен оқушыларға шәкіртақының ұсынды. Сонымен бірге, Чапаев ЖОББМ түлектеріне арнайы қор ашылғандығын, алдағы уақытта киелі шаңыраққа көмек қолын созуға мүмкіндік туғанын атап өтті.

Сондай-ақ, келер жылдан бастап Чапаев ЖОББМ-інде С.Еркебаевтың бастамасымен, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоратының қолдауымен робот техникасы кабинеті іске қосылмақ. Бұл керемет хабарды «Назарбаев зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымының педагогикалық шеберлік орталығы директоры Е.Қасымбекұлы жеткізді. Мұнымен жақсы жаңалықтар легі толастаған жоқ. М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры А.Иманғалиев сөз алып, бір түлекке ректорлық грантты сыйға тартты. Түлектердің қызу қолдауына ие болған жаңалықты жеткізген Асхат Сәлімұлы мектеп бітірушілерге келе жатқан ҰБТ-да сәттілік жолдас болуын тіледі.

Аудан басшысы М.Мұқаев қонақтарға үлкен алғыс білдіріп, Сағидолла Батайұлындай адамгершілігі мол түлектердің көп болуын, сондай-ақ, аман болуын тіледі.

Кездесу барысында «Жұлдыз» үлгілі би ансамблі әсем би билеп, А.Қожанов және Г.Таткенова әннен шашу шашты. Кеш соңы «Назарбаев зияткерлік мектебі» дербес білім беру ұйымының педагогикалық шеберлік орталығы директоры Е.Қасымбеков жүргізген ауданымыздың білім беру қызметкерлеріне арналған семинарға ұласты.

Әділет ОРЫНБАСАРОВ

4 июня - День государственных символов РК

4 июня 1992 года были впервые утверждены новые государственные символы независимого Казахстана. Этот день навсегда останется в истории страны, как день рождения новой государственной символики, которые являются одной из незыблемых основ государства. Они – не только художественные образы, но и глашатаи идеи осуществления государственной независимости. Важно не только знать, как выглядят Герб, Флаг и Гимн своей родной страны, но и понимать их символику.

Голубой флаг с золотистым солнцем и парящим силуэтом орла и герб, в центре которого находится образ шанырака, как символ общего дома для всех казахстанцев, явили миру образ нового независимого государства под названием Республика Казахстан.

“Государственный Флаг РК представляет собой прямоугольное полотнище голубого цвета с изображением в его центре солнца с 32 лучами, под которым парящий степной орел”. Голубой цвет является традиционным

Гарант независимости страны

Одним из первых шагов возникшего государства является обретение им своего Флага, Герба и Гимна. Связано это с тем, что они являются символами политической независимости и суверенитета страны. Государственные символы закреплены Конституцией РК в статье 9, а также статья 34 гласит, что “каждый гражданин обязан знать и уважать государственные символы Республики Казахстан”.

для тюркских народов. На флаге он означает бесконечность неба над всей землей и людьми, а также является символом общего благополучия, спокойствия, мира и единства. Автором Государственного флага является Шакен Ниязбеков.

Сегодняшний Герб суверенного Казахстана является результатом огромного труда, творческих исканий двух известных архитекторов: Жандарбека Малибекова и Шоты Уалиханова. Герб имеет форму круга. В мире самой совершенной формой считается форма шара. А круг, как самый близкий к этому совершенству элемент, особо ценится у кочевников. Это символ жизни, вечности. Центральным

элементом, вобравшим в себя основную идею нашего герба, является шанырак — круговое навершие купола юрты. Образ шанырака в Государственном Гербе республики — это образ нашего общего дома, общей Родины всех людей, проживающих в Казахстане. Счастье в нем зависит от благополучия каждого, как прочность шанырака зависит от надежности его уыков. Следующей составной частью композиционной структуры герба являются золотокрылые с рогами в форме полумесяца, фантастические скакуны — тулпары. Лошади были главными помощниками в хозяйстве, в войнах с захватчиками. В центре герба находится пятиконечная звезда.

Наше сердце и объятия открыты представителям всех пяти континентов. Цветовую гамму герба составляют два основных цвета — золотистый и голубой. Первый соответствует светлому, ясному будущему народов страны. Голубое небо едино для всех народов мира. Его цвет в нашем Гербе олицетворяет стремление Казахстана к миру, согласию, дружбе и единству со всеми народами планеты. Таким образом, языком геральдики авторы выражают миролюбивую сущность казахов.

Гимн — это песня, посвященная Родине, это символ государства, его должен знать и почитать, каждый гражданин Республики Казахстан. Исполне-

ние его сопровождается знаками наивысшего уважения — все встают и прикладывают ладонь правой руки к левой стороне груди, а военные отдают честь или салютуют оружием. С 7 января 2006 года Гимном Республики Казахстан стала популярная песня, написанная еще в 1956 году “Мой Казахстан” (“Менің Қазақстаным”) с внесенными изменениями, приводящими песню в статус государственного гимна. Поскольку поправки в текст внесены Президентом страны Нурсултаном Назарбаевым, он указывается, как соавтор текста.

Казахстан прошлого — историческая родина отважных тюркских племен, мощное среднеазиатское государство; настоящего — независимое государство с высокими темпами развития, прочно завоевывающее себе место среди ведущих азиатских государств; будущего — одна из признанных мировых держав.

Нурғали ДАУЛЕНОВ,
руководитель управления
юстиции - член РОО «Союз юристов Казахстана»

Дін және қоғам

Қасиетті ай қайырлы болғай, азайын!

Ардақты ағайын, бәрімізді жарылқаушы, қорғаушы, мейірімі шексіз Алланың қалауымен қасиетті Рамазан айы келіп жетті.



Құран Кәрімнің «Бақара сүресінің 185 аятында Алла тағала: «Рамазан — адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Рамазан айы туғанын көрген адам бірден ораза ұстайтын болсын. Егер біреулер ауру болып, әйтпесе жол сапарда жүрсе, онда басқа күндерде өтесін. Алла сендерге жеңілдік болуын қалайды, ауырлық түсіргісі келмейді», - дейді.

Оразаның мұсылмандарға парыз болу хикмет жайында Бұхариден жеткен хадисте: «Егер адам өтірік айту мен күнәлі істерін тастамаса, Алла ол адамның тағам мен судан тыйылғанына мұқтаж

емес», - деп сипаттайды. Бұл айдағы Алланың сансыз сауаптарынан үмітті адам сабыр мен төзімділіктің үлгісі бола білуі тиіс. Құдси хадисте Алла тағала былай дейді: «Аузы берік адам ішіп-жеуін мен үшін доғарды, Ораза - Мені мен құлымның арасындағы ғибадат. Оған берілетін сыйды Мен ғана өлшеп, Мен ғана беремін. Ауызы берік құлымның аштық пен шөлдегенде шығатын ауызының иісі мен үшін мисктен де артық» - деген. «Ораза ұстауға су бергенді Хақ тағала Қиямет күні Хауызында сусындатады. Кейін ол Жәннатқа кіргенге дейін шөлдемейді» - деді. Бұл айда құлшылық ғибадаттарымызды көбейтіп, сөзіміз бен ісімізді түзеп, ниеттерімізді тазартуымыз керек. Оразаның мұсылман қауымына парыз болуының мәні тек ішіп-жеуден тыйылу ғана емес екен. Ораза айындағы ізгі амалдарымызға Алла сансыз сауаптар жазсын. Қасиетті Рамазан айы баршамызға құтты, берекелі, күллі мұсылман жұртшылығына қайырлы болсын! Ұстаған Оразаларыңыз қабыл болғай!

«Рамазан айында Ораза ұстауды парыз деп біліп, сауабын Алла тағаладан күтіп, ораза ұстаған адамның күнәлары кешіріледі». (Бұхари).

Халықбек СЫДЫҚОВ,
аудандық мешіттің
бас имамы

Құрметті жамағат!

ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ 6 МАУСЫМДА БАСТАЛАДЫ.
ПІТІР САДАҚАСЫ ЖАН БАСЫНА – 200 ТГ.
ҚАДІР ТҮНІ – 2 ШІЛДЕ.
АЙТ НАМАЗЫ 5 ШІЛДЕДЕ САҒАТ ТАҒЫ 7:00-ДЕ ОҚЫЛАДЫ.
АЙТ - 5-6-7 ШІЛДЕ КҮНДЕРІ.

РАМАЗАН АЙЫНДАҒЫ ОРАЗА ҰСТАУ МЕН НАМАЗ

ОҚУ УАҚЫТТАРЫНЫҢ КЕСТЕСІ

МИЛӘДИ 2016 ЖЫЛ – ҒИЖРИ 1437 ЖЫЛ

Рамазан айының реті	Апта күндері	Маусым Шілде	Ас ішу уақыты		Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінті намазы	Ақшам намазы (ауыз ашу)	Құптан намазы
			Сәресі уақыты	Таң намазы					
1	Дүйсенбі	6-06	3:11	3:21	5:21	13:34	19:08	21:46	23:46
2	Сейсенбі	7-06	3:10	3:20	5:20	13:35	19:08	21:47	23:47
3	Сәрсенбі	8-06	3:10	3:20	5:20	13:35	19:09	21:48	23:48
4	Бейсенбі	9-06	3:09	3:19	5:19	13:35	19:09	21:49	23:49
5	Жұма	10-06	3:09	3:19	5:19	13:35	19:10	21:49	23:49
6	Сенбі	11-06	3:09	3:19	5:19	13:35	19:10	21:50	23:50
7	Жексенбі	12-06	3:09	3:19	5:19	13:36	19:10	21:51	23:51
8	Дүйсенбі	13-06	3:08	3:18	5:18	13:36	19:11	21:51	23:51
9	Сейсенбі	14-06	3:08	3:18	5:18	13:36	19:11	21:52	23:52
10	Сәрсенбі	15-06	3:08	3:18	5:18	13:36	19:12	21:52	23:52
11	Бейсенбі	16-06	3:08	3:18	5:18	13:36	19:12	21:53	23:53
12	Жұма	17-06	3:08	3:18	5:18	13:37	19:12	21:53	23:53
13	Сенбі	18-06	3:08	3:18	5:18	13:37	19:13	21:53	23:53
14	Жексенбі	19-06	3:08	3:18	5:18	13:37	19:13	21:54	23:54
15	Дүйсенбі	20-06	3:08	3:18	5:18	13:37	19:13	21:54	23:54
16	Сейсенбі	21-06	3:08	3:18	5:18	13:37	19:13	21:54	23:54
17	Сәрсенбі	22-06	3:09	3:19	5:19	13:38	19:13	21:54	23:54
18	Бейсенбі	23-06	3:09	3:19	5:19	13:38	19:14	21:54	23:54
19	Жұма	24-06	3:09	3:19	5:19	13:38	19:14	21:55	23:55
20	Сенбі	25-06	3:10	3:20	5:20	13:38	19:14	21:55	23:55
21	Жексенбі	26-06	3:10	3:20	5:20	13:39	19:14	21:54	23:54
22	Дүйсенбі	27-06	3:11	3:21	5:21	13:39	19:14	21:54	23:54
23	Сейсенбі	28-06	3:11	3:21	5:21	13:39	19:14	21:54	23:54
24	Сәрсенбі	29-06	3:12	3:22	5:22	13:39	19:14	21:54	23:54
25	Бейсенбі	30-06	3:12	3:22	5:22	13:39	19:14	21:54	23:54
26	Жұма	1-07	3:13	3:23	5:23	13:40	19:14	21:53	23:53
Қасиетті Қадір түні									
27	Сенбі	2-07	3:14	3:24	5:24	13:40	19:14	21:53	23:53
28	Жексенбі	3-07	3:15	3:25	5:25	13:40	19:14	21:53	23:53
29	Дүйсенбі	4-07	3:15	3:25	5:25	13:40	19:14	21:52	23:52

Біз көтерген мәселе

Жанайқайымыз естілді

Газетіміздің №19 санында «Жолдың жыры қашан бітеді?» атты мақала жарық көрген болатын. Аудандық редакция тілшілері Федоров селолық округінің ауылшілік жолдарын сөз етіп, халықтың мұң-мұқтажын билікке жеткізген еді. Сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы аудан тұрғындарының да пікірін тақырыпқа тұздық еткенбіз.

Міне, халықтың жанайқайын тыңдар құлақ табылып, ауыл ішіндегі жолдар біраз лекерге келді. Бұл жайтты бүгін қала алмадық. Жаз шығысымен, тракторлар мен автогрейдерлер бірден іске қосылып, көптеген көшелердің жолдары керемет кейіпке еңбесе де, жақсарып қалғанын айтып өткеніміз абзал. Осы орайда округ әкімі М.Энгеловке телефон арқылы хабарласып, аталмыш жайт туралы түсінік беруін сұрағанбыз.

- Федоров ауылы бойынша 34 көше барын білесіздер. Бүгінгі таңда осы көшелердің барлығы дерлік, нақтырақ айтсам, 92 пайызы тегістелді. Негізі ауылшілік жолдарды қалыпта ұстайтын мердігер «Теректі-Үй жөндеу» ЖШС-мен келісім мамыр айына дейін жасалған еді. Бірақ, ол біздің бастамамызбен бір ай тегін жолдарымызды тегістеуге келісті. Сол үшін округ халқы атынан алғыс айтқым келеді. Атқарылған жұмыстарды өздеріңіз байқап-бағамдап отырсыздар. Әр айда жолды күтіп ұстауға 180 мың теңге көлемінде қаржы керек. Жаз мезгілі келсе де, жаңбыр толалар емес. Бұл жақсы болғанымен, жолдардың бұзылуына әкеліп соғады. Сондықтан

кей көшелерде жұмыстарымыздың нәтижесін көре алмай жатырмыз. Дегенмен, көбінің жолы қалыпқа енді. Мысалы, Чапаев, Набережная, Центральный, Ленин, Крупская тағы басқа көшелерді атап өтуге болады. Алдағы уақытта қаражатқа байланысты халықтың



өтінішін жерде қалдырмауға тырысамыз. Тұрғындар да түсіністік танытып, қолдау білдірсе екен дейміз. Айтпақшы, Бейбітшілік және Горький көшелерін асфальттау үшін сметалық құжаттарды дайындап қойдық. Қаржы бөлінсе, осы жұмыстың да ретін шығару жоспарда бар, - деді Максим Энгелұлы.

Халықтың тілегін аяқасты етпей, жұмысқа белсене кіріскен билік осы қарқынынан жаңылмаса екен. Ал, аудандық газет ұжымы бұл мәселені әрдайым назарда ұстайды. Бір күні жолмен жүйткіп жүретін уақыт та келер. Қай жылы екендігі беймәлім, дегенмен үміт бар.

Әділет ОРЫНБАСАРОВ

В память о жертвах репрессий

В торжественной обстановке памятник открыли заместитель акима района Серик Нурмаганбетов и председатель районного совета ветеранов Салим Кукашев. Минутой молчания почтили собравшиеся всех тех, кто стал жертвой системы в известные трагические годы. Состоялось возложение цветов к подножию монумента.

Выступая на митинге, С.Нурмаганбетов отметил, что по официальным данным, более 100 тысяч наших соотечественников были объявлены изменниками Родины и многие погибли. Кто-то - расстрелян, а кто-то - погиб от непосильного труда в лагерях. В целом же в годы репрессии погибло более 25-ти тысяч казахстанцев. Практически была уничтожена вся казахстанская элита – интеллигенция того времени.

-Одним из первых законов, принятых в суверенном Казахстане, стал Закон РК от 14 апреля 1993 года "О реабилитации жертв массовых политических репрессий". А в 1997 году Президент РК подписал Указ: объявить 31 мая Днем Памяти жертв политических репрессий. Время этих страшных трагедий давно минуло. Но память должна быть нетленной во имя будущего, - сказал в заключении заместитель акима района, пожелав всем мирного неба и согласия в обществе.

На митинге также выступили: председатель районного совета ветеранов Салим Кукашев, председатель общественного объединения «Свет женщин» Любовь Лымарева, Почетный гражданин района Василий Савченко.

Затем в районном Доме Дружбы состоялся «круглый» стол, подготовленный сотрудниками центральной районной библиотеки. Прежде участники и гости мероприятия смогли ознакомиться в фойе с богатой книжной выставкой, посвященной также означенному дню. Экскурс в мир литературы сделала библиотечка Замира Сапарова. В зале вниманию присутствующих был представлен видеофильм, показавший трагические страницы истории.

За «круглым» столом обсуждалась

Открыт памятник в райцентре

31 мая, в День Памяти жертвам политических репрессий и голода, в районном центре состоялось торжественное открытие памятника, посвященного данным событиям в Казахстане, автором которого явился скульптор Аскар Утаргалиев. По этому случаю здесь состоялся митинг.



тема: «Жертвы трагических лет». Ведущие мероприятия Надежда Ковалько и Жанслу Асауова, открывая заседание, представили вниманию присутствующих печальные исторические факты: в расстрельных списках по ЗКО значится 1330 человек. Выездные показательные суды, где приговор о расстреле приводился в исполнение, проходили во многих райцентрах, в том числе и в Федоровке.

Участники: ветераны труда Любовь Лымарева, Людмила Розова, Куан Сабитов, Ильдар Хабибуллин, Мусагали Тулегенов, Салим Кукашев, Захот Абдрахманова, Умит Сарсенова, руководители: районного отдела внутренней политики Мейрамбек Жаксыбеков, районного уп-

равления юстиции Нурғали Дауленов, молодежного ресурсного центра Мирхат Ибраев, работники культуры делились прочитанным, сведениями, полученными от людей старшего поколения, переживших трагедию той поры. В их выступлениях красной нитью прошла мысль, что открытие памятника в райцентре имеет большое нравственное значение, как перед памятью пострадавших от репрессий тридцатых годов, так и в воспитательных целях для подрастающего поколения. Было предложено в будущем такие встречи проводить с участием молодежи и школьников.

Нурзия СИСЕНБАЕВА

Расстрельный список жертв политических репрессий

1. Абдеенко Михаил Емельянович
2. Анищенко Марк Максимович
3. Балицкий Александр Ананьевич
4. Березняк Карл Иванович
5. Вебер Георгий Георгиевич
6. Высоцкий Григорий Степанович
7. Гван Чер
8. Го Дефир
9. Даршт Адам Иванович
10. Даршт Федор Павлович
11. Демченко Архип Семенович
12. Длужневский Владимир Андреевич
13. Есенгулов Сапарғали Ескабулович
14. Зиберг Иосиф Августович
15. Иргалиев Темир
16. Карабукеев Жакия Ажгулович
17. Кан Дюнчер
18. Ким Гонсен
19. Ким Енчан
20. Ким Тхео
21. Кожаметов Кутиш
22. Кононенко Денис трофимович
23. Кубешов Хангерей Жантаевич
24. Лейер Леопольд Антонович
25. Леопольд Иван Иванович
26. Ли Немо
27. Ли Сенгу
28. Моисеенко Василий Васильевич
29. Непепасов Федор Иванович
30. Огай Хабаги
31. Огуречников Константин Николаевич
32. Одинцов николай Николаевич
33. Панченко Федор Ефимович
34. Подтихов Георгий Карпович
35. Самарский Артем Филимонович
36. Сердюк Максим Антонович
37. Фольц Франц Францович
38. Цой Антон
39. Чеха Дарья Ивановна
40. Шунков Семен Дмитриевич

(Взято из "Книги скорби" по ЗКО, 2001 г.)

1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күні

Мерекеңмен, балдырған!

31 мамырда 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудандық Мәдениет үйінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Өлкенің гүл жайнаған балғындары» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды.



Шараға 51 бала қатысты. Балғындар мерекесіне аудан әкімінің орынбасары С.Нұрмағанбетов қатысып, зор денсаулық, Отанымыздың ортан қол азаматы болуды тіледі. Аудандық Мәдениет үйінің қызметкерлері әннен шашу шашып, Орал қаласынан келген сайқымазақ және аудандық кітапхана ұжымы түрлі ойындар ойнатып, балалардың көңілін көтерді.

Сондай-ақ, мерекелік кештің қонақтары – әр ауылдық округтен келген оқушылар өз өнерлерін ортаға салды. Оларға таңғы және түскі ас беріліп, бағалы сыйлықтар тарту етілді.

Кеш соңында аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының уақытша міндетін атқарушы

А.Лұқпанова балаларды мерекелерімен құттықтап, ата-аналар мен шараны өткізуге атсалысқан барлық қызметкерлерге алғыс айтты.

Қазір аудан бойынша 148 мүгедек бала бар, үйден арнаулы әлеуметтік қызмет алып отырғандар саны - 22. Мерекеге орай 148 баланың әрқайсысына жергілікті қаражат есебінен 10 000 теңгеден әлеуметтік көмек көрсетілді.

Сәбилерге бақытты балалық шақ, әрқашан сыңғырлаған күлкі тілейміз!

*Альбина ДОЩАНОВА,
үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі*

Сәрсенбінің сәтті күні Достық үйінің алаңында 1 маусым – балаларды қорғау күніне арналған «Бақытты балалық шақ» атты мерекелік шара өтті.

Ш а р а н ы ң
ш ы м ы л д ы ғ ы н
«Қуыршақтар»
биімен «D-Alem
show» балалар би
тобы ашты. Атал-
мыш кеште аудан
әкімі Мұрат Мұқаев
балдырғандарға
ақ тілегін жол-
дап, алаңқайда
құрылған балалар
шығармашылық
үйінің көрмесімен
танысты.



Концерттік бағдарлама барысында ауданымыздың кішкентай өнерпаздары – Г.Галиева, А.Сайлауова, Б.Үсен, Д.Мұратова, Ә.Амирханова, Т.Жакенов, Ж.Мырзағалиева, М.Қабиева - әсем ән шырқады. Сондай-ақ, «Ақжелкен» бөбекжайының бүлдіршіндері де өнер көрсетіп, №2 саз мектебінің оқушылары домбыра, баян, флейтада ойнады.

Мәдениет қызметкерлері кешке жиналған барша балғындарға қызықты ойын ойнатып, викториналық сұрақтар қойып, белсенді қатысушыларға сыйлықтар таратты. Сонымен қатар еркін тақырыпта асфальтқа сурет салу сайысын ұйымдастырып, жеңімпаздарды марапаттады.

Ал, аудандық орталықтандырылған аурухана қызметкерлері балаларға тегін дәрумендер үлестірді.

Күлімхан МАХМЕТҚЫЗЫ

Көкейкесті

Мен жазушы болсам дейтінмін. Қолыма қалам алып, өзім түсінетін, ешкім түсінбейтін шатпақпен жаза жөнелетінмін. Бертін келе, ақын болам дегім шығардым. Ұйқассын, ұйқаспасын бір нәрселер құрастырып, ешкімге көрсетпей, сақтап-жинап жүретінмін. Бұлардың бәрін неге айтып отыр дейсіздер ғой? Оған қазіргі менің кішкентай іні-қарындастарым себеп. Олардың арманы...

Қатеміз - армандарын естіп күлетінімізде. Қатеміз - заманымызды келер ұрпаққа зымиян, сұм етіп көрсететінімізде. Енді армандарын білейікші...

Әлішер әкім болсам деп армандайды. Неге десем, ақшам көп болады дейді. Бауыржан бастық болып, бәріне ұрысуды қалайды. Кішкентай Мөлдірдің айтуынша, арманы - сәнқой болу. Күшті киім киіп, теледидардан көрінсем дейді. Ал, 7 жасар Бақыт бандит болам деп «қырып салды». Айтуынша, бәрін өлтіреді, сосын одан адамдар қорқатын болады. Міне, қазақтың болашағы - балғындардың арманы. Осыны оқып, бәріміз күлеміз-ау, бірақ, ойланатын адамдар санаулы.

Қай ата-ана баласын жаман болсын дейді? Өрине, ешкім. Бірақ, мына заманды, өмірдің қыр-сырын түсінбеген сәбиге келемеждеп, мазақ етіп, олқы тұстарын дастарқан басында әуелете әңгіме етуден алдымызға жан салмаймыз. «Мына әкім мынандай ақшаны жымқырыпты (білсек те, білмесек те осылай дейміз). Қайда жіберіп жатыр екен?» деген соң, әлбетте Әлішер әкім болады. Сосын осы әңгімедегі іс-әрекетті істейді. Солай емес пе?

Бір ата-ана жұмыстан ашула-

Кім болғын келеді, бүлдіршін?

Арман деген - көп белес, біріне шықсаң бірі бар. Армандай білу- қандай керемет, ә? Күнім шаттыққа, сағатым қуанышқа, минутым бақытқа толы болсын деген адамдар, армандар! Себебі, арманның ғажап бір қасиеті - орындала білуінде.

нып келіп, үйінде тыныш отырған балаларына жекіреді. Себебі дастарханның үстінде белгілі болады. «Біздің шеф (жаңа қазақтардың сөзі) бүгін ашулы. Бар өшін менен алды. Кабинетінде айқай естуге болдым» - деп, баласына қарап, тағы бір қатты сөзбен сыбап алады. Бұны көріп өскен Бауыржан міндетті түрде бастық болады ғой.

Қазір сәбиді іздесек, теледидар алдынан табамыз. Қандай арнада не көрсетіп жатыр, бәрін үйдегі баламыз біліп отырады. Дүкендерде косметикалық бұйымдардың сәбилерге арналғаны түрі де шыққан. Аналар кішкентай қыздарына осы бұйымдарды әперіп (не үшін әперетінін ұқпадым), қысқа етек киіп, бөкселерін бұлғандатқан бикештерді көрсететін арнаға қойып, өздері шаруаларымен айналысып жүре береді. Бастысы, сәбиі жыламасын. Ал, кішкентай қызымыз бесіктен белі шықпай жатып, зиянды химикаттар қосылған опа-далаппен сыланып, екі көзін «апайларынан» алмайды. Міне, сондықтан Мөлдір сәнқой болам деп қиялданады. Осы, құрығыр, теледидар атыс-шабысты жарысып беруден тынар емес. «Ұрпағыңды түзер болсаң, қазағым, экранды түзеп алғын,

алдымен» деген ағамның сөзі есіме түсіп отыр. Теледидарға үмітпен үңіліп, түңілуіміздің жоқтығынан Бақыт бүлдіршін «бандит болам» деп шауып жүр. Көп көргенім шамалы, да-нышпансып кетті демеңіздер. Іні-қарындастарымның келешегі ата-аналарының қолында екеніне көзім жеткен соң ғана қолыма қалам алдым.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп бабаларымыз қалай дәл айтқан?! Расымен, біріншіден, ештеңеден хабары жоқ сәбиді дұрыс ойлауға, дұрыс армандауға үйрету отбасынан басталады. Екіншіден, баланың ой-санасын ойын өсіреді. Иә, кәдімгі балалардың жиналып ойнауы. Қазіргі заманның сәбилері қалай ойнайды, білесіздер ме? Жоқ, білмейсіздер. Мен де мән бермейтінмін. Құлағымды түріп, назарымды кішкентай бүлдіршіндерге салғанмын. Басында күлдім, сосын ойландым, аяғында ашындым. Жолда екі қыз тұр. Біреуінің қолында ұялы телефон. Жастары, шамамен, 10-12-де деп топшыладым. Біреуі шашын жіберіп, жолға жайғасып, қос аяғын созып, ернін шүрттітіп (өзім өте ыңғайсыз күйде болдым, Құдай сақтасын) отыр. Екіншісі «кадр бір, кадр екі» деп шырылдатып суретке

түсіруде. Міне, қазіргі ойынның түрі. Бұрынғы аналарымыздың, қала берді замандастарымның «мак» деп атап кеткен ойындары қандай әсем еді, шіркін? Қазақ қыздары жолға жайғаспай-ақ, ұяндығымен, сыпайылығымен сұлулығын көрсете білді емес пе?! Жоғарыда аталған көріністі көріп ашынғаным ештеңе емес, жерге кірердей ұялдым. Қыз Жібектің, Баян сұлудың, Фариза мен Хиуаз әжелерімнің аруағынан ұялдым...

Ауданымызда ойын алаңы бар. Кез келген уақытта өткеншек теуіп, доп қуып, құмнан қиялдан туған бейнелерді істеуге болады. Бірақ, балалар сол жерге бара ма? Барам деп кетеді-ау, дегенмен, ол жерде баладан гөрі шиқылдап ұшқан торғайлардың саны көп (кешірсіздер!). Көшелерде - сандалған бала, сенделген қыздар. Шайтанарбамен (атауы біртүрлі осының) әрлі-берлі құйғытып, желмен жарысқан көлік біткеннің алдынан бір, артынан бір шығып, шуылдасқан бүлдіршіндер. Не болып барамыз?

Осылай ойланып келе жатқанымда, алдымнан екі бала шықты. Жастары 5-6 шамасында. Біреуінде кішкентай ғана велосипед (осылайша атайыншы)

бар. Кім болып жүрсің десем, мен жүргізушімін дейді. Жүрегім жылып кетті. Балалық тәтті арман. Ешқандай боямасыз сөз. «Аға, жолдан былай тұрыңыз, досымды алып кетейін, менде тек бір орын»,- деді де, екінші баланы артына салып, мәз болып кетіп қалды. Сіздерге жасанды көрінер, бірақ, мен шынымен қуанып кеттім. Баланы ерте есейтуге әуес емес ата-аналардың барына қуандым.

Үйіме жақындадым. Есік алдында інілерім қазылған шұңқырға тас лақтырып отыр екен. Жандарына жақындап, неге ойнамайтындарын сұрадым. «Ешқандай ойын жоқ қой, не ойнаймыз?» деп өзіме қайтара сұрақ қойды. Жауап бермедім. Көздерінен бейқамдықты, мына адамдарға деген ызаны, еріншектікті байқадым. «Қуыспақ», «жасырынбақ», «қумадоп», «бес қаңылтыр», «секіртпе», «ақсүйек», «ақсерек-көксерек» сияқты ойындармен өскенімді білмейді-ау. Түнімен ұйықтамастан аға-апаларыммен жиылып, сақинаны таңдаған адамыңның уысына салып, «шық,шық,шық, ақ қояным, атып шық» деп, үйдегі үлкендердің мазасын алсақ та, жалықпай ойнайтынымыз есімнен ешқашан кетпейді. Осы ойындардың тез ойлануға, шапшаңдыққа, ортаңмен тіл табысуға бейімдейтінін аналарымыз жиі айта-тын.

Қуанышым су сепкендей басылды. Кінәні өзімнен іздедім. Бүлдіршіндеріміз осылайша армандап, осылайша ойнайды екен. Кім болып барамыз, үлкендер? Кім болғын келеді, бүлдіршін?

Әділет ӘЛІБЕКҰЛЫ

Қаулы-қарар

Теректі аудандық мәслихатының ШЕШІМІ	РЕШЕНИЕ Теректинского районного маслихата
Теректі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №32-2 «2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	О внесении изменений и дополнений в решение Теректинского районного маслихата от 25 декабря 2015 года №32-2 «О районном бюджете на 2016-2018 годы»

ҚР Әділет Министірлігі БҚО әділет департаментінің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 18.05.2016 жылы №4414 болып енгізілді

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №4414 от 18.05.2016 года департаментом юстиции ЗКО Министерства юстиции РК

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Теректі аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:	– 139 748 мың теңге.»;
1. Теректі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №32-2 «2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4221 тіркелген, 2016 жылғы 16 қаңтардағы «Са-тып Алу Ақпарат» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:	4- тармақтың 1) тармақшасында: бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «1) республикалық бюджеттен жалпы сомасы 1 288 768 мың теңге.»;
1- тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «1. 2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2016 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:	алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын: «мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыздандыру нормаларын көбейтуге – 3 825 мың теңге.»;
1) кірістер – 5 523 585 мың теңге;	мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:
салықтық түсімдер – 898 502 мың теңге;	«экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге – 71 252 мың теңге.»;
салықтық емес түсімдер – 250 мың теңге;	4-тармақ мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 1 855 мың теңге;	«3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан жалпы сомасы 150 000 мың теңге:
трансферттер түсімі – 4 622 978 мың теңге;	инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға – 150 000 мың теңге.»;
2) шығындар – 5 663 160 мың теңге;	мынадай мазмұндағы 9-1- тармақпен толықтырылсын:
3) таза бюджеттік кредиттеу – 66 275 мың теңге;	«9-1. 2016 жылға арналған аудандық бюджетте 3 327 мың теңге сомасындағы нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару ес-керілсін.»;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 29 343 мың теңге;	аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша саль-до – 0 теңге;	2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (В.Мустивко) осы шешімді әділет органдарында мем-лекеттік тіркелуін, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;	3. Осы шешім 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;	
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -205 850 мың теңге;	
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 205 850 мың теңге;	
қарыздар түсімі – 95 445 мың теңге;	
қарыздарды өтеу – 29 343 мың теңге;	
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	
	Сессия төрағасы Т. БАТЫРОВ Аудандық мәслихат хатшысы Ә.НҰРҒАЛИЕВ

Теректі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 сәуірдегі №3-1 шешіміне қосымша

Теректі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №32-2 шешіміне 1-қосымша

2016 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты	Сыныбы	Ішкі сыныбы	Ерекшелігі	Атауы	мың теңге Сомасы
1	01	2		Атауы	5523585
	03	1		1) Кірістер	898502
	04	1		Салықтық түсімдер	357840
		3		Табыс салығы	357840
		4		Жеке табыс салығы	290000
		5		Өлеуметтік салық	290000
		6		Өлеуметтік салық	227196
		7		Меншікке салынатын салықтар	173575
		8		Мүлікке салынатын салықтар	4705
		9		Жер салығы	43313
		10		Көлік құралдарына салынатын салық	5603
		11		Бірыңғай жер салығы	20592
		12		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	9882
		13		Акциздер	4000
		14		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	6710
		15		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	160
		16		Басқа да салықтар	160
		17		Басқа да салықтар	2714
		18		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2714
		19		Мемлекеттік баж	250
2	04	1		Салықтық емес түсімдер	
		2		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	85
		3		Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржылан-дырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	85
		4		Басқа да салықтық емес түсімдер	165
		5		Басқа да салықтық емес түсімдер	165
		6		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1855
		7		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1855
		8		Жерді сату	4622978
		9		Трансферттер түсімі	4622978
		10		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдары-нан түсетін трансферттер	4622978
		11		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	
Функционалдық топ				Сомасы	
Функционалдық кіші топ					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
2) Шығындар					5663160
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер					465569
Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар					419688
(Басы. Жалғасы 7 - бетте)					

Районный бюджет на 2016 год

Категория	Класс	Подкласс	Специфика	Наименование	тысяч тенге Сумма
1	01	2		Наименование	5523585
	03	1		1) Доходы	898502
	04	1		Налоговые поступления	357840
		2		Подоходный налог	357840
		3		Индивидуальный подоходный налог	290000
		4		Социальный налог	290000
		5		Социальный налог	227196
		6		Налоги на собственность	173575
		7		Налоги на имущество	4705
		8		Земельный налог	43313
		9		Налог на транспортные средства	5603
		10		Единый земельный налог	20592
		11		Внутренние налоги на товары, работы и услуги	9882
		12		Акцизы	4000
		13		Поступления за использование природных и других ресурсов	6710
		14		Сборы за ведение предпринимательской и профессиональной деятельности	160
		15		Прочие налоги	160
		16		Прочие налоги	2714
		17		Обязательные платежи, взимаемые за совершение юридически значимых действий и (или) выдачу документов уполномоченными на то государствен-ными органами или должностными лицами	2714
		18		Государственная пошлина	250
		19		Налоговые поступления	
		20		Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета,	
		21		а также содержащимися и финансируемыми из бюджета (сметы расходов)	
		22		Национального Банка Республики Казахстан	85
		23		Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемыми из государственного бюджета, а также содержащимся и финансируемыми из бюджета (сметы расходов)	
		24		Национального Банка Республики Казахстан,	
		25		за исключением поступлений от организаций нефтяного сектора	85
		26		Прочие неналоговые поступления	165
		27		Прочие неналоговые поступления	165
		28		Поступления от продажи основного капитала	1855
		29		Продажа земли и нематериальных активов	1855
		30		Продажа земли	4622978
		31		Поступления трансфертов	
		32		Трансферты из вышестоящих органов государственного управления	4622978
		33		Трансферты из областного бюджета	4622978
Функциональная группа				Сумма	
Функциональная подгруппа					
Администратор бюджетных программ					
Программа					
Наименование					
2) Затраты					5663160
Государственные услуги общего характера					465569
Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции					419688
государственного управления					
(Начало. Продолжение на 7-стр.)					

Қаулы-қарар

2016 жылға арналған аудандық бюджет

(Жалғасы. Басы 6 бетте)

112		Аудан (облыстық маңызы бар қала)	
	001	мәслихатының аппараты	18517
		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18517
122	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	113605
		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	107371
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6234
123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	287566
	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	271266
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16300
9		Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	45881
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	20945
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20945
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	24936
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24936
02		Қорғаныс	30764
	1	Әскери мұқтаждар	6492
		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	6492
	122	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6492
	2	Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	24272
		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	24272
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	8500
